



Автор: Сагиденова Калима Максатовна

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Ақпарат және оны өңдеу

Тақырып: Мәтінді пішімдеу,абзац

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.1.2.2. компьютерлік программаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын пайдалану; 3.1.2.4. компьютерлік программаларда меню командаларын қолдану; 3.2.1.1. мәтіндік редакторда қарапайым сөйлемдерді теруді жүзеге асыру; 3.2.1.2. қаріпті пішімдеу (қаріптің жазылу стилі, абзац, түсі, түзету); 3.2.1.3. құжаттағы ерекшеленген мәтінді қиып алу, көшіру, қою
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар үшін: Компьютерлік программаларда файлдарды ашу және сақтау, меню командаларын пайдалану.Мәтіндік редакторда қарапайым сөйлемді тереді,абзац қоя алады, жүзеге асыру,пішімдеу, ерекшеленген мәтінді қиып алу, көшіру, қоюды білу Көпшілік оқушылар үшін: Қарапайым мәтіндік редакторда терілген дайын мәтіннің қаріпін, пішімін, түсін, стилін өзгертеді, қиып алу, көшіру амалдарын орындау. Кейбір оқушылар үшін: Мәтінді тереді, абзацты қоя алады,қаріптерді пішімдейді. Құжаттардың ерекшеленген бөлігін қиып алуды және көшіруді қолдану
Тілдік мақсаттар:	Пішімдеу-форматирование-formatting, Көшіру-копировать-copy Қиып алу-вырезать-cut
Күтілетін нәтиже:	Мәтінді тереді, қаріптерді пішімдейді. Құжаттардың ерекшеленген бөлігін қиып алуды және көшіруді қолдана алады
Бағалау критерийлері:	• Компьютерлік программаларда файлдарды ашу және сақтау, меню командаларын пайдалану.Мәтіндік редакторда қарапайым сөйлемді тереді,жүзеге асыру,пішімдеу, ерекшеленген мәтінді қиып алу, көшіру, қоя біледі • Қарапайым мәтіндік редакторда терілген дайын мәтіннің қаріпін, пішімін, түсін, абзацын, стилін өзгерте алады
Құндылықтарды дарыту:	Жаңа өткен тақырыпты зейінмен тыңдап, түсіну. Тақырып бойынша берілген тапсырмаларды өз бетімен орындау. Топтық тапсырмаларды орындауда өз үлесін қосып, сабақ барысында белсенділік таныту. Оқушыларды әрбір істі саналы түрде орындауға, ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа, тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Таныстырылым Интербелсенді тақтаға мұғалім осы бейнелерді іледі
Пәнаралық байланыс:	ағылшын қазақ тілі
Бастапқы білім:	Мәтінді теру және өңдеу

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру Сәлемдесу «Ішкі және сыртқы шеңбер» құрып бір-біріне қарап тұрып жылы тіліктерін айтады. - Оқушыларды мозайка әдісі арқылы топқа бөлу Ол үшін мұғалім 3 түрлі мәтін көшірмелерінің қиындылары салынған қорапты пайдаланады. Оқушылар қолдарына алған қиындылармен мозайканы құрастырып үш топқа бөлініп орындарына жайғасады. Үй тапсырмасын қайталау Өткен тақырыпты "тақта тазалау" әдісі арқылы қайталау. Мұғалім өткен тақырыптан сұрақтар мен суреттер салынған парақшаларды тақтаға іліп қояды.Әр топтан оқушылар шығып тақтадағы ілінген сұрақтар мен бейнелерге жауап береді. "Бас бармақ" әдісі арқылы бағалау. -дұрыс болса "Жарайсың!" -дұрыс емес болса "Ойлан!"	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>1-тапсырма «топтық жұмыс» Оқушылар алдыңғы сабақта теріп сақтаған файылдардың ішінен дайын мәтінді тауып ашады. Меню командаларын пайдаданып, сол дайын мәтіннің қаріптерін, пішімдерін, түсін өзгертеді</p> <p>Дескриптор: 1. файлдарды сақтайды, ашады 2. меню командаларын пайдаланады</p> <p>Бағалау: «Үш шапалақ» әдісі арқылы топтар бірін-бірі бағалау.</p> <p>2-тапсырма «топтық жұмыс» Мұғалім оқушыларға "Менің Астанам" тақырыбында мәтін ұсынады, оқушылар сол мәтінді теріп, қаріптерді пішімдейді. Құжаттардың бөліктерін ерекшелеп оны қиып алу және көшіруді орындау.</p>	
Сабақтың соңы	тест	
Рефлексия	<p>Рефлексия: Оқушылар сабақ барысы туралы «Гүл шоғыры» әдісі арқылы жасайды. Сабақ ұнаса 2 топ гүлді құрастырады, ұнамаса жапырақтарын жерге жабыстырады</p> <p>Үй жұмысы: Абай Құнанбаевтың "Жасымда ғылым бар деп ескермедім" атты өлең шумағын теріп оны қалың және қисайтып жазу. Әр шумағының түсін өзгерту</p>	